

Өсімдіктер дүниесі туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2023 жылғы 2 қаңтардағы № 183-VII ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы заңның қолданысқа енгізілу тәртібін 58-б. қараңыз.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Осы Заң өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілейді.

1-тарау. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ботаникалық коллекция – ғылыми, білімдік, мәдени-тарихи, эстетикалық және өзге де құндылығы бар өсімдіктердің және (немесе) олардың бөліктерінің жүйеленген, құжатталған жинағы;

2) генетикалық эрозия – өсімдіктердің генетикалық ресурстарын ұтымсыз пайдалану мен тиісінше сақтамауды қоса алғанда, антропогендік қызметтен туындаған генетикалық әртүрлілікті жоғалту;

3) дақылдық өсімдіктер – азық-түліктік, жемшөптік, техникалық және өзге де мұқтаждар үшін арнайы өсірілетін өсімдіктер;

4) дақылдық өсімдіктердің жабайы тұқымдастары – генетикалық тұрғыдан дақылдық өсімдіктерге жақын, дақылға енгізуге немесе селекцияда пайдалануға жарамды жабайы өсетін өсімдіктер;

5) жабайы өсетін өсімдіктер – өздеріне етене табиғи жағдайларда өсетін және таралатын өсімдік түрлері;

6) жасыл екпелер – елді мекендердің аумақтарында қорғаныштық, санитариялық-гигиеналық, әлеуметтік, эстетикалық және өзге де функцияларды орындайтын ағаш-бұта және шөптесін өсімдіктер екпелері;

7) өсімдіктер – тамырлы, мүк тәрізді өсімдіктер, балдырлар, сондай-ақ қыналар мен саңырауқұлақтар;

8) өсімдіктер дүниесі – табиғи жағдайларда өсетін, сондай-ақ белгілі бір аумақта қолдан отырғызылған өсімдік түрлерінің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының жиынтығы;

9) өсімдіктер дүниесін күзету – өсімдіктер дүниесін сақтау, өрттердің, өсімдіктер дүниесін заңсыз пайдаланудың және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзушылықтардың профилактикасы және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар жиынтығы;

10) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) өсімдіктер дүниесін қалпына келтіру – жабайы өсетін өсімдіктер популяцияларының, қауымдастықтарының сандық және сапалық сипаттамаларын тұрақтандыру және (немесе) қайтадан жасау жөніндегі іс-шаралар кешені;

12) өсімдіктер дүниесін қорғау – өсімдіктер дүниесін зиянкестерден, аурулардан, табиғи және антропогендік сипаттағы қолайсыз факторлардың әсерінен қорғау жөніндегі іс-шаралар кешені;

13) өсімдіктер дүниесін пайдалану – өсімдік ресурстарын пайдалану жөніндегі заңдық тұрғыдан регламенттелген қызмет;

14) өсімдіктер дүниесін пайдаланушы – осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарына сәйкес өсімдіктер дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке немесе заңды тұлға;

15) өсімдіктер қауымдастығы – белгілі бір түрлік құрамымен, құрылымымен, өсімдіктердің бір-бірімен және сыртқы орта факторларымен байланыстарымен сипатталатын өсімдіктердің орнықты жиынтығы;

16) өсімдіктер өсетін жер – өсімдік түрлерінің өсуі мен дамуы үшін табиғи жағдайы бар жер учаскесі немесе су объектісі;

17) өсімдіктер популяциясы – ортақ гендік қорға ие және белгілі бір аумақты алып жатқан өсімдіктердің бір түрінің дара нұсқалары жиынтығы;

18) өсімдіктер ресурстары – әртүрлі мұқтаждар үшін пайдаланылатын немесе пайдаланылуы мүмкін өсімдіктер, олардың бөліктері мен дериваттары;

19) өсімдіктерді будандастыру – өсімдіктердің алуан түрлері жасушаларының генетикалық материалын біріктіруге негізделген будандарды қалыптастыру немесе алу процесі;

20) өсімдіктерді жерсіндіру – өсудің барлық даму сатысынан өтетін және өніп кете алатын тұқым беретін жаңа немесе өзгерген жағдайларына өсімдіктердің бейімделуі;

21) өсімдіктерді интродукциялау – өсімдіктердің түрлерін олардың табиғи өсетін жерлері мен мекендеу ортасының шегінен тыс жерге әдейі немесе кездейсоқ көшіру;

22) өсімдіктерді реинтродукциялау – өсімдіктердің белгілі бір түрін олардың бұрынғы табиғи өскен жерлері мен мекендеу ортасына көшіру;

23) өсімдіктердің бөтен текті түрі – аталған аумаққа тән емес, табиғи түрдегі өсімдіктер қауымдастықтарына енген жағдайда өсімдіктер дүниесіне зиян келтіруі мүмкін өсімдік түрі;

24) өсімдіктердің генетикалық банкі – өсімдіктердің генетикалық материалының үлгілерін күтіп-баптау үшін арнайы жабдықталған қойма;

25) өсімдіктердің генетикалық материалы – тұқым қуалаушылықтың функционалдық бірліктерін қамтитын, репродуктивтік және вегетативтік жолмен көбейетін материалдарды қоса алғанда, өсімдік тектес материал;

26) өсімдіктердің генетикалық ресурстары – нақты немесе әлеуетті құндылықты білдіретін өсімдіктердің генетикалық материалы;

27) өсімдіктердің генетикалық ресурстарының коллекциясы – бақыланатын жағдайларда сақталатын өсімдіктердің генетикалық материалы үлгілерінің жүйеленген, құжатталған жинағы;

28) реликтік өсімдіктер – жойылып кеткен, бұрын кең таралған флоралардан сақталып қалған өсімдік түрлері;

29) ресурстық зерттеп-қарау – белгілі бір аумақта өсімдіктердің жекелеген түрлері мен олардың қауымдастықтарының шикізат қорларын зерделеу және оларды алып қоюдың ықтимал көлемдерін айқындау жөніндегі ғылыми және іздестіру жұмыстарының кешені;

30) флора – белгілі бір аумақта таралған өсімдік түрлерінің тарихи қалыптасқан жиынтығы;

31) эндемиялық өсімдіктер – таралуы шектелген және өзге аумақтарда кездеспейтін өсімдік түрлері.

2-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мүліктік қатынастар, егер осы Заңда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен реттеледі.

3. Орман қоры мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлерінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет аймақтарының шекараларында орналасқан өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастар Қазақстан Республикасының арнаулы заңнамасымен реттеледі.

4. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда қамтылғаннан өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың қағидалары қолданылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының мақсаттары, міндеттері және қағидааттары

1. Мыналар:

1) саналуан түрдегі өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қатынастарды реттеуді қамтамасыз ету;

2) жабайы өсетін өсімдіктердің табиғи әртүрлілігі мен гендік қорын сақтау, оларды ұтымды пайдалану үшін құқықтық негіздер жасау Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының мақсаттары болып табылады.

2. Мыналар:

1) мемлекеттік реттеуді қамтамасыз ету;

2) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі қызметті ғылыми қамтамасыз ету;

3) қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету;

4) халықаралық ынтымақтастықты дамыту Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының міндеттері болып табылады.

3. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану мынадай қағидааттарға негізделеді:

1) қоршаған ортаның орнықтылығын және өмір сүру үшін қолайлы ортаны қамтамасыз ету факторы ретінде өсімдіктер дүниесін сақтаудың жалпы мемлекеттік маңыздылығы мен басымдығын тану;

2) өсімдік түрлерін, олардың популяциялары мен қауымдастықтарын басым түрде табиғи өсу жағдайында, сондай-ақ олар өсетін жерлерді орнықты сақтау;

3) өсімдіктер дүниесін ұтымды пайдалану;

4) өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төлену;

5) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін жазаның бұлтартпастығы;

6) өсімдіктер дүниесінің зияны мен шығындарын өтеу;

7) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ақпараттың қолжетімділігі және жұртшылықтың өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында шешімдер қабылдауға қатысуы.

4-бап. Өсімдіктер дүниесіне меншік құқығы

Өсімдіктер дүниесі Қазақстан халқына тиесілі. Мемлекет Қазақстан халқының атынан меншік құқығын жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады.

Жеке меншіктегі жерлерде өсетін өсімдіктерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жекеменшік субъектілері пайдалана алады.

2-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУ ОБЪЕКТІЛЕРІ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР СУБЪЕКТІЛЕРІ

5-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы реттеу объектілері

1. Мыналар:

1) жабайы өсетін өсімдіктер, олардың популяциялары мен қауымдастықтары, оның ішінде:

сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген;

эндемиялық және реликтік;

дәрілік;

өзге де өсімдік түрлері;

2) дайындалған (жиналған) жабайы өсетін өсімдіктер, олардың бөліктері мен дериваттары;

3) жасыл екпелер;

4) ботаникалық коллекциялар және өсімдіктердің генетикалық ресурстарының коллекциялары;

5) өсімдіктер, олардың популяциялары мен қауымдастықтары өсетін жерлер өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы реттеу объектілері (бұдан әрі – реттеу объектілері) болып табылады.

2. Осы Заңның ережелері:

1) ауыл шаруашылығы өсімдіктеріне;

2) үй жанындағы учаскелерде, жеке қосалқы шаруашылық жүргізуге, бақ шаруашылығына, саяжай құрылысына және бау-бақша шаруашылығына арналған учаскелерде өсетін өсімдіктерге қатысты қолданылмайды.

6-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құқықтық қатынастардың субъектілері

Жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары, жергілікті өзін-өзі басқару органдары өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құқықтық қатынастар субъектілері болып табылады.

7-бап. Жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Жеке және заңды тұлғалардың:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды және аумақтарды күзетудің ерекше режимі белгіленген мемлекеттік орман қорының учаскелерін қоспағанда, өсімдіктер дүниесі алып жатқан учаскелерге еркін баруға және онда болуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өсімдіктер дүниесін пайдалануға;

3) осы Заңға сәйкес өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ақпаратқа қол жеткізуге құқығы бар.

Өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалардың:

1) дайындалған (жиналған) өсімдік ресурстарына, сондай-ақ оларды өткізуден түсетін кірістерге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес билік етуге де;

2) өсімдіктер дүниесін пайдаланушылардың құқықтарын бұзудан не мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығарудан келтірілген залалдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өтетуге де құқығы бар.

2. Жеке және заңды тұлғалар:

1) жабайы өсетін өсімдіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын жоюға және бүлдіруге, заңсыз жинауға жол бермеуге;

2) өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидаларының талаптарын сақтауға және өсімдіктер өсетін жерлерге теріс әсер етуге жол бермеуге;

3) табиғи өсімдіктер қауымдастықтарының тұтастығын бұзбауға, олардың биологиялық әралуандығының сақталуына ықпал етуге;

4) өсімдіктер дүниесін пайдалану процесінде өзге табиғи объектілер жай-күйінің нашарлауына жол бермеуге;

5) өсімдіктер дүниесі алып жатқан учаскелерде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға ;

6) өсімдіктер дүниесін пайдалануды жүзеге асыру кезінде өзге тұлғалардың құқықтарын бұзбауға міндетті.

Өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар:

1) жердің, су объектілерінің бекітіліп берілген учаскелерінде өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүргізуге де;

2) өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақыны Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес уақтылы енгізуге де міндетті.

3. Жеке және заңды тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтары болады және олар өзге де міндеттерді атқарады.

3-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУ

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;

2) өсімдіктер дүниесін иелену, пайдалану және оған билік ету құқықтарын жүзеге асырады;

3) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекітеді;

4) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою туралы шешім қабылдайды және оларды алып қою көлемін бекітеді;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

9-бап. Уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құзыреті

1. Уәкілетті орган:

1) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардың өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

3) өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік мониторингі мен мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

4) өсімдіктер дүниесіне түгендеу жүргізу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелерді бекітеді;

6) ботаникалық коллекцияларды, өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларын қалыптастыру, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

7) жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығына шектеу (тоқтата тұру) белгілеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

8) өсімдіктер дүниесінің гендік қорымен жұмыс істеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

9) өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

10) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша дәрілік өсімдіктердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

11) табиғи өсетін, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін жер учаскелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға күзетуге беру қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

12) эндемиялық және реликтік өсімдіктердің тізбесін әзірлейді және бекітеді;

13) өсімдік ресурстарының қорларына ресурстық зерттеп-қарауды жүргізу және оларды пайдалану лимиттерін айқындау әдістемесін әзірлейді және бекітеді;

14) ресурстық зерттеп-қарауды жүзеге асыратын мамандандырылған ұйымдарды аккредиттеу қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

15) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін әзірлейді;

16) елді мекендердің жасыл екпелерін жасаудың, күтіп-баптаудың және қорғаудың үлгілік қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

17) жеке және заңды тұлғалардың өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

18) жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Уәкілетті органның ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері өз қызметін уәкілетті орган және осы Заң белгілеген құзырет шегінде жүзеге асырады.

10-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдарының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдары:

- 1) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы іс-шаралар жоспарларын бекітеді;
- 2) жергілікті атқарушы органдардың өсімдіктер дүниесімен жұмыс істеу мәселелері бойынша есептерін тыңдайды;
- 3) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде түбірімен босатылатын сүрек үшін мөлшерлемелерді қоспағанда, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекітеді;
- 4) елді мекендердің жасыл екпелерін жасаудың, күтіп-баптаудың және қорғаудың қағидаларын бекітеді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

11-бап. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құзыреті

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары:

- 1) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және іске асырады;
- 2) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қызметті ұйымдастырады;
- 3) елді мекендердің жалпыға ортақ пайдаланылатын жерлерінде орналасқан жасыл екпелерді күтіп-баптауды қамтамасыз етеді;
- 4) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде түбірімен босатылатын сүрек үшін мөлшерлемелерді қоспағанда, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін әзірлейді;
- 5) елді мекендердің жасыл екпелерін жасау, күтіп-баптау және қорғау қағидаларын әзірлейді;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығына шектеу (тоқтата тұру) белгілеу туралы шешімдер қабылдайды;
- 7) жеке және заңды тұлғалардың өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етеді;
- 8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

12-бап. Өсімдіктер дүниесін және өсімдіктер өсетін жерлерді күзету

1. Өсімдіктер дүниесі және өсімдіктер өсетін жерлер күзетілуге жатады.
2. Өсімдіктер дүниесін және өсімдіктер өсетін жерлерді күзету:
 - 1) өсімдік түрлерін, олардың популяциялары мен қауымдастықтарын бүлдірудің немесе жоюдың алдын алу және жолын кесу;
 - 2) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру не оларды кеңейту жоспарланып отырған жер учаскелері шегінде өсімдіктер дүниесінің жай-күйіне теріс әсер ететін шаруашылық қызметті шектей отырып, осы учаскелерді резервке қою;
 - 3) өсімдіктердің табиғи өсу учаскелерінде, ботаникалық коллекцияларда олардың бағалы түрлерінің гендік қорын, сондай-ақ өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларында осы түрлердің генетикалық материалын сақтау;
 - 4) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді (жұмыстарды) ұйымдастыру;
 - 5) жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығын шектеуді (тоқтата тұруды) белгілеу;
 - 6) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жеке және заңды тұлғаларды жауаптылыққа тарту;
 - 7) өсімдіктер дүниесін сақтауды насихаттау, қоғамда экологиялық мәдениет қалыптастыру;
 - 8) өзге де мемлекеттік реттеу шараларын қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.
3. Өсімдіктер дүниесін және өсімдіктер өсетін жерлерді күзету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер учаскелерінің меншік иелеріне, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушыларға, өсімдіктер дүниесін пайдаланушыларға жүктелген жағдайларды қоспағанда, өсімдіктер дүниесін және өсімдіктер өсетін жерлерді күзетуді жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

13-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығын шектеуді (тоқтата тұруды) белгілеу

Өсімдіктер дүниесін сақтау мақсатында мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

- 1) өсімдіктердің жекелеген түрлеріне, олардың популяцияларына, қауымдастықтарына және өсетін жерлеріне, өсімдіктердің гендік қорының сақталуына қатер туындаған кезде;
- 2) аумақтың бірегей түрлік әралуандығын, сондай-ақ сирек кездесетін немесе әдеттегі табиғи ландшафты сақтап тұру үшін;
- 3) Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру немесе кеңейту үшін

резервке қойылған, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың күзет аймақтарындағы жер учаскелерінде;

4) Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес мемлекеттік орман қоры учаскелерінде;

5) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген, эндемиялық және реликтік түрлері бар жерлердің, су объектілерінің учаскелерінде;

6) ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін берілген және пайдаланылатын жер учаскелерінде;

7) деградацияға ұшыраған және қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды жүргізуді талап ететін өсімдіктері бар жер учаскелерінде;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де жағдайларда жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығын шектеуді (тоқтата тұруды) белгілейді.

14-бап. Өсімдіктер дүниесін өрттен күзету

1. Жергілікті атқарушы органдар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушылар, өсімдіктер дүниесін пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өсімдіктер дүниесін өрттен күзетуді жүзеге асырады.

2. Өсімдіктер өсетін жерлерде өрт туындаған жағдайда жергілікті атқарушы органдар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушылар, өсімдіктер дүниесін пайдаланушылар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды оқшаулау және сөндіру жөніндегі шараларды дереу қабылдайды.

3. Жоғары сыныпты өрт қауіптілігі кезеңінде өсімдіктер дүниесінің өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтай отырып, карантиндік объектілер мен өсімдіктердің зиянкестері мен ауруларының бөтен текті түрлерінің таралу ошақтарын жою жөніндегі іс-шараларды қоспағанда, ормандарда, барлық санаттағы жерлерде құрғақ өсімдіктерді (сабаншөп, сабан, аңызшөп және өзге де өсімдік қалдықтарын) өртеу жұмыстарына тыйым салынады.

Өрттің туындау қаупін азайту мақсатында, сондай-ақ шаруашылық қажеттілік жағдайында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша жағалау-судағы құрғақ өсімдіктерді шабуға жол беріледі.

15-бап. Өсімдіктер дүниесін қорғау

1. Мемлекеттік және жеке меншіктегі жерлерде өсетін өсімдіктер дүниесін қорғау осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Өсімдіктер дүниесін қорғау мақсатында жергілікті атқарушы органдар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар:

1) карантиндік объектілердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын қоздырғыштардың бөтен текті және өзге де түрлерінің фитосанитариялық мониторингі, профилактикасы және оларды уақтылы анықтау, қолайсыз факторлардың өсімдіктерге әсерін азайту жөніндегі іс-шараларды орындауды ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес карантиндік объектілердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын қоздырғыштардың бөтен текті және өзге де түрлерінің ошақтарына қарсы олардың тиімділігі мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ететін тәсілдермен және құралдармен күресуді;

3) уәкілетті органға және өсімдіктерді қорғау саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі, орман шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы уәкілетті органдарға карантиндік объектілердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, өсімдіктер зиянкестері мен ауруларын қоздырғыштардың бөтен текті және өзге де түрлерінің таралу ошақтарының туындау фактілері туралы уақтылы хабар беруді қамтамасыз етуге міндетті.

16-бап. Өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген, эндемиялық және реликтік түрлерін күзету

1. Өсімдік түрлерін өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің санатына жатқызу осы түрлердің табиғи таралу ареалы шекараларында жүргізілетін түгендеу деректері мен ғылыми зерттеулердің және ведомствоаралық ботаникалық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.

2. Өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін күзету:

1) олар өсетін учаскелерді анықтау, зерделеу, ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларында сақтау;

2) олар өсетін учаскелерде арнайы күзет режимін белгілеу;

3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту;

4) осы өсімдіктер өсетін учаскелердің меншік иелері мен пайдаланушыларының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың сақталуын қамтамасыз етуі арқылы жүзеге асырылады.

3. Өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын алып қою Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде:

1) мынадай:

табиғи популяциялар санын қалпына келтіру;

халықаралық алмасу (халықаралық сауда) мақсатында арнайы жасалған жағдайларда көбейту;

2) ғылыми зерттеулер, оның ішінде өсімдіктердің коллекцияларын, генетикалық банктерін жасау;

3) селекция үшін жүзеге асырылады.

Осы тармақтың ережелері, қала ормандарын қоспағанда, елді мекендер аумағында жасыл екпелер құрамында отырғызылған және өсіп жатқан өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлеріне қолданылмайды.

4. Эндемиялық және реликтік өсімдіктерді күзету осы Заңның 12-бабының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

5-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ

17-бап. Өсімдіктер дүниесін қалпына келтіру

1. Өсімдіктер дүниесін қалпына келтіру:

1) жабайы өсетін өсімдіктердің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының қолайлы өсу жағдайларын сақтап тұру (жасау);

2) жабайы өсетін өсімдіктердің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының табиғи қалыпқа келуіне жәрдемдесу;

3) өсімдіктерді отырғызу (егу) және оларға күтім жасау;

4) өсімдік түрлеріне, олардың популяциялары мен қауымдастықтарына, өсетін жерлеріне теріс әсер ететін қызметті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектеу (тоқтата тұру) арқылы қамтамасыз етіледі.

2. Өсімдіктер дүниесін қалпына келтіру жерге орналастыру және орман орналастыру, қала құрылысын жоспарлау материалдары мен өзге де құжаттар, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардың зерттеп-қарауы немесе нұсқамалары негізінде жүзеге асырылады.

Қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу тәсілдері мен технологиялары (агротехникалық іс-шаралар) мамандандырылған ұйымдар ғылыми ұсынымдар негізінде әзірлеген жобаларда айқындалады.

3. Өсімдік түрлерін, олардың популяциялары мен қауымдастықтарын қалпына келтіру кепілдік берілген гендік типті аналық өсімдіктердің отырғызылатын материалы, тұқымдары, вегетативтік бөліктері пайдаланыла отырып жүзеге асырылады.

18-бап. Өсімдіктер дүниесінің гендік қорын сақтау

1. Өсімдіктер дүниесінің гендік қорын сақтау:

1) өсімдік түрлерін, популяцияларды олардың табиғи өсетін жерлерінде сақтап тұру және қалпына келтіру;

2) өсімдіктердің әртүрлілігін олардың табиғи өсетін жерлерінен тыс жерде сақтау арқылы жүзеге асырылады.

2. Өсімдік түрлерін, олардың популяцияларын табиғи өсетін жерлерінде сақтап тұру және қалпына келтіру түрі мен оның белгіленген табиғи өзге түрлерінің (нысандарының) гендік қоры сақталған учаскелерді бөлу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларға мемлекеттік табиғи-қорық қорының және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар объектісі мәртебесін беру арқылы қамтамасыз етіледі.

3. Өсімдік әртүрлілігін олардың табиғи өсетін жерлерінен тыс жерде сақтау екпелерді, өсімдіктердің бағалы түрлерінің және (немесе) олардың өзге түрлерінің (нысандарының) тірі коллекцияларын қолдан жасау және күтіп-баптау, сондай-ақ популяциялардан, олардың вегетативтік бөліктерінен, тұқымдарынан (спораларынан) өсімдіктерді консервациялаудың әртүрлі тәсілдерін пайдалана отырып, бақыланатын ортада күтіп-баптау арқылы қамтамасыз етіледі.

4. Өсімдіктердің сақталатын генетикалық ресурстары туралы ақпаратты құзыретті органдар мен генетикалық ресурстарға қол жеткізу және пайданы бірлесіп пайдалану мәселелері жөніндегі ұлттық үйлестіру орталығы (бұдан әрі – ұлттық үйлестіру орталығы) қалыптастырады.

Мұндай ақпаратқа қол жеткізу өсімдіктер дүниесінің гендік қорымен жұмыс істеу қағидаларына сәйкес делдалдықтың ұлттық тетігі арқылы жүзеге асырылады.

6-тарау. ӨСІМДІКТЕРДІ ИНТРОДУКЦИЯЛАУ, ЖЕРСІНДІРУ ЖӘНЕ БУДАНДАСТЫРУ

19-бап. Өсімдіктерді интродукциялау және (немесе) жерсіндіру

1. Өсімдіктерді шаруашылық мақсаттарда плантациялық өсіру, арнайы бөлінген учаскелердегі ғылыми зерттеулер және ботаникалық коллекцияларда сақтау, сондай-ақ елді мекендерді көгалдандыру үшін оларды интродукциялауға және (немесе) жерсіндіруге жол беріледі.

Өсімдіктерді интродукциялау және (немесе) жерсіндіру өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы хабарлама негізінде жүзеге асырылады.

2. Жабайы өсетін өсімдіктерді өздерінің табиғи ортасында қалпына келтіру байырғы флора түрлерін реинтродукциялау не қайта жерсіндіру арқылы жүргізіледі.

3. Өсімдіктердің бөтен текті түрлері мен гендік түрлендірілген өсімдіктер организмдерін табиғи түрдегі өсімдіктер қауымдастықтарына енгізуге тыйым салынады.

20-бап. Өсімдіктерді будандастыру

1. Ғылыми-зерттеу және селекциялық мақсаттарда өсімдіктерді қолдан будандастыруға жол беріледі.

Өсімдіктерді будандастыру жөніндегі жұмыстар жүргізілетін учаскелер өсімдіктер дүниесі үшін генетикалық эрозия көзі болып табылмауға тиіс.

2. Селекция үшін бағалы гендік қор көзі болып табылатын дақылдық өсімдіктердің жабайы тұқымдастары өсетін аумақтар шегінде өсімдіктердің табиғи будандасу қатерін, генетикалық эрозияны азайту мақсатында олардың сыртқы шекарасынан кемінде екі километр қашықтықта:

жеміс және жаңғақ бақтарын (плантацияларын), гүлді өсімдіктердің өзге де түрлерінің көшеттерін;

өсімдіктер будандарының көшеттерін (плантацияларын) орналастыруға тыйым салынады.

7-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР (ЖҰМЫСТАР)

21-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында ғылыми зерттеулерді (жұмыстарды) ұйымдастыру

1. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулер (жұмыстар):

1) өсімдік түрлерінің, оның ішінде өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген, эндемиялық және реликтік түрлерінің, олар құрайтын популяциялардың, қауымдастықтар мен экожүйелердің жай-күйін бағалау, оларға табиғи және техногендік факторлардың әсерін зерделеу;

2) өсімдіктер дүниесін түгендеу, оның мемлекеттік мониторингі мен мемлекеттік кадастрын жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін ғылыми негіздер әзірлеу;

3) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, өсімдіктер дүниесінің гендік қорын сақтау саласында ғылыми ұсынымдар әзірлеу, сондай-ақ өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы нормативтерді және экологиялық жүйеге жүктемелер әзірлеу;

4) ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларын жинау, жүйелеу, зерделеу, сақтау және пайдалану;

5) жабайы өсетін өсімдіктердің әртүрлілігін және етене табиғи ландшафттарды сақтау жөніндегі шаралардың ғылыми негіздемесін әзірлеу;

6) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында ғылыми-техникалық сараптамалар жүргізу;

7) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы құқықтық және экономикалық тетіктерді әзірлеу;

8) халықаралық зерттеу бағдарламалары мен жобаларына қатысу мақсатында жүзеге асырылады.

2. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді (жұмыстарды) ұйымдастыру және жүргізу Қазақстан Республикасының ғылым туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

22-бап. Ботаникалық коллекциялар және өсімдіктердің генетикалық ресурстарының коллекциялары

1. Ботаникалық коллекцияларға мыналар:

ботаникалық бақтардың, дендрологиялық парктердің және ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өзге де түрлерінің, дендрарийлердің (арборетумдардың), оранжереялардың, ғылыми және өзге де ұйымдар питомниктері өсімдіктерінің тірі коллекциялары;

арнайы жағдайларда генетикалық материал ретінде сақталатын тірі өсімдіктердің тұқымдары мен басқа да бөліктері;

қазба өсімдіктердің әртүрлі бөліктерінің гербарийлері мен жинақтары жатқызылады

2. Өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларына мыналар:

халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес сақталатын өсімдіктердің генетикалық ресурстарының бағалы және бірегей үлгілерінің жинағын білдіретін ұлттық коллекциялар;

өсімдіктердің әртүрлі генетикалық материалының үлгілерін қамтитын және нақты ғылыми-зерттеу, жалпы білім беру және селекциялық міндеттерді шешу үшін қалыптастырылатын зерттеу-селекциялық коллекциялар;

ғылыми-зерттеу және селекциялық бағдарламаларды қамтамасыз ету үшін зерттеу-селекциялық және өзге де коллекциялардан алынған үлгілер негізінде қалыптастырылатын уақытша зерттеу коллекциялары;

ең азында өсімдік түрінің негізгі генетикалық әртүрлілігі қамтылған, өсімдіктердің генетикалық ресурстары үлгілерінен тұратын өзекті коллекциялар;

басқарылуы халықаралық келісімдер негізінде жүзеге асырылатын, халықаралық ұйымдардан, шетелдік ұлттық коллекциялардан немесе өсімдіктердің генетикалық банктерінен сақтауға берілген әлемдік өсімдіктер әртүрлілігі үлгілерінің жинағын білдіретін халықаралық қайтарымды коллекциялар жатқызылады.

3. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес табиғат қорғау және ғылыми ұйым мәртебесі бар ғылыми ұйымдар, табиғат қорғау ұйымдары, өзге де заңды, сондай-ақ жеке тұлғалар ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларын жасайды.

Ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстарының коллекциялары мемлекеттік меншікте де, жеке меншікте де болуы мүмкін.

4. Ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларын қалыптастыру:

1) өсімдіктерді не олардың бөліктері мен дериваттарын осы Заңға, Қазақстан Республикасының орман заңнамасына және Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласындағы заңнамасына сәйкес олардың табиғи өсетін жерлерінен алып қою;

2) өз коллекцияларында сақтау үшін коллекциялардан алынатын өсімдіктердің не олардың бөліктерінің немесе дериваттарының не өзге де өсімдіктердің құжатталған үлгілерін сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шартының немесе оларды иеліктен шығару туралы өзге де мәміленің негізінде не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзгеше түрде сатып алу;

3) дербес коллекция рөлін орындайтын бөлікті негізгі коллекциядан бөлу арқылы жүзеге асырылады.

5. Ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларын не олардың құрамына кіретін жекелеген құрамдастарын (өсімдіктер, олардың бөліктері мен дериваттары) Қазақстан Республикасының аумағына әкелу және Қазақстан Республикасының аумағынан әкету ботаникалық коллекцияларды, өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларын қалыптастыру, сақтау, есепке алу және пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Ботаникалық коллекциялар мен өсімдіктердің генетикалық ресурстары коллекцияларының меншік иелері оларды есепке қоюға міндетті.

8-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН ТҮГЕНДЕУ, ОНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК МОНИТОРИНГІ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК КАДАСТРЫ

23-бап. Өсімдіктер дүниесін түгендеу

1. Жабайы өсетін өсімдіктердің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының сандық және сапалық сипаттамаларының өзгерістерін анықтау, есепке алу, талдау, оларды пайдалану шарттарын айқындау және мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында өсімдіктер дүниесін түгендеу жүргізіледі.

2. Жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар мен су пайдаланушылар, өсімдіктер дүниесін пайдаланушылар өздеріне бекітіп берілген учаскелердегі өсімдіктер дүниесін түгендеуге қатысады.

24-бап. Өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік мониторингі

1. Өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік мониторингі өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында негізделген шешімдер қабылдау мақсатында жабайы өсетін өсімдіктердің, олардың популяциялары мен қауымдастықтарының, сондай-ақ осы түрлер өсетін жерлердің жай-күйін кезең-кезеңмен байқау, бағалау және болжау жүйесін білдіреді.

Өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік мониторингі өсімдіктердің табиғи өсетін жерлерінде олардың индикаторлық түрлері бойынша арнайы бөлінген мониторингтік алаңдарда жүзеге асырылады.

2. Мониторингтік ақпарат алу үшін:

Жерді қашықтан зондтау әдістері;

жерге орналастыру жобалары, геоботаникалық және орман орналастыру материалдары, карталар;

ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ресурстық зерттеп-қараулар мен жобалық ізденістердің нәтижелері;

өсімдіктер дүниесін түгендеу, орман қорын мемлекеттік есепке алу нәтижелері және өзге де материалдар пайдаланылады.

25-бап. Өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік кадастры

Өсімдіктер дүниесінің мемлекеттік кадастры жер санаттары бойынша өсімдік түрлерінің таралуы мен бөлінуі туралы деректердің жүйелендірілген жиынтығын, олардың сандық және сапалық сипаттамаларын, экономикалық бағалануын, сондай-ақ өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласын басқару және үйлестіру үшін қажетті өзге де деректерді қамтиды.

26-бап. Өсімдіктер дүниесіне түгендеу жүргізу, мемлекеттік мониторинг және мемлекеттік кадастр жүргізу тәртібі

1. Уәкілетті орган мен орман шаруашылығы саласындағы, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдардың мамандандырылған ұйымдары өсімдіктер дүниесін түгендеуді, олардың мемлекеттік мониторингі мен мемлекеттік кадастрын жүргізуді жүзеге асырады.

2. Өсімдіктер дүниесін түгендеу, олардың мемлекеттік мониторингі мен мемлекеттік кадастрын жүргізу орман шаруашылығы саласындағы, жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті органдармен келісу бойынша уәкілетті орган бекіткен өсімдіктер дүниесіне түгендеу жүргізу қағидаларына, өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік мониторинг және мемлекеттік кадастр жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

9-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН ПАЙДАЛАНУ

27-бап. Өсімдіктер дүниесін пайдалану түрлері

1. Қазақстан Республикасының аумағында өсімдіктер дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

1) жалпыға ортақ пайдалану тәртібімен:

өсімдіктер дүниесін жеке және үй жағдайында қолдану үшін пайдалану;
өсімдіктер дүниесін ғылыми-зерттеу, оқу, мәдени-ағарту, сауықтыру, рекреациялық, эстетикалық, туристік мақсаттар үшін пайдалану;

2) арнайы пайдалану тәртібімен:

өсімдіктер дүниесін мал шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану;
өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану.

2. Өсімдіктер дүниесін жалпыға ортақ пайдалану өтеусіз және тиісті рұқсаттарсыз жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы төленген және осы Заң мен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында хабарлама жіберілген жағдайда өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану жүзеге асырылады.

28-бап. Өсімдіктер дүниесін жеке және үй жағдайында қолдану үшін пайдалану

Жеке тұлғалар, өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін қоспағанда, жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де өсімдік ресурстарын жинау мақсатында өсімдіктер дүниесін жеке және үй жағдайында қолдану үшін пайдалануды жүзеге асырады.

Жеке тұлғалардың жабайы өсетін жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік шикізатты және өзге де өсімдік ресурстарын жеке және үй жағдайында қолдану үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының ұсынуы бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті өкілді органының шешімімен бекітілген нормалар шегінде жинауына рұқсат етіледі.

29-бап. Өсімдіктер дүниесін ғылыми-зерттеу, оқу, мәдени-ағарту, сауықтыру, рекреациялық, эстетикалық және туристік мақсаттар үшін пайдалану

1. Өсімдіктер дүниесін ғылыми-зерттеу, оқу, мәдени-ағарту, сауықтыру, рекреациялық, эстетикалық және туристік мақсаттар үшін пайдалану жабайы өсетін өсімдіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын алып қою арқылы немесе алып қоймай жүзеге асырылады және бұл өсімдіктер дүниесі мен өсімдіктер өсетін жерлерге

теріс әсер етпейтін жағдайларда оған өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидаларына сәйкес жол беріледі.

2. Халықтың жаппай демалуы мен туризм үшін пайдаланылатын учаскелерде өсімдіктер дүниесін, табиғи ландшафттарды сақтау мақсатында жергілікті атқарушы органдар, жер учаскелерінің меншік иелері, жер пайдаланушылар, су пайдаланушылар белгіленген тәртіппен бекітілген қала құрылысы және сәулет-құрылыс құжаттамасына, экологиялық және санитариялық талаптарға сәйкес осы учаскелерді абаттандыруды қамтамасыз етуге міндетті.

30-бап. Өсімдіктер дүниесін мал шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану

1. Жайылым учаскелерінде мал шаруашылығының мұқтаждары үшін өсімдіктер дүниесін пайдалану жайылымдардың жалпы алаңына жүктеменің белгіленген шекті рұқсат етілген нормалары мен жайылым айналымының схемалары ескеріле отырып, жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі бекітілген жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Өсімдіктер дүниесін жемшөп дайындау, шөп шабу мақсатында пайдалану Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақтала отырып, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің, су қорының, мемлекеттік орман қорының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың осы үшін арнайы бөлінген учаскелерінде жүзеге асырылады.

3. Өсімдіктер дүниесін балара шаруашылығының мұқтаждары үшін пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерде, мемлекеттік орман қорының, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың учаскелерінде және өзге де жерлерде меншік иелерімен және жер пайдаланушылармен келісу бойынша жүзеге асырылады.

31-бап. Өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен лимиттер шегінде жүзеге асырылатын, жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану және қайта өңдеу өнімдерін алу үшін оларды дайындау (жинау) өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану түрлеріне жатқызылады.

Өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану қатаң белгіленген мерзімде және өсімдіктер дүниесіне зиян келтірмейтін тәсілдермен жүзеге асырылады.

2. Фармацевтикалық мұқтаждар үшін жабайы өсетін дәрілік өсімдіктерді дайындау (жинау) олардың популяциялары мен қауымдастықтарының, сондай-ақ олар өсетін жерлердің сақталуын қамтамасыз ету ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Фармацевтикалық мұқтаждар үшін жабайы өсетін дәрілік өсімдіктерді сол бір қопада қайта дайындауға (жинауға) олар толық қалпына келгеннен кейін ғана жол беріледі.

Бұл ретте дәрілік өсімдіктің түріне және оның географиялық өсу жағдайларына қарай біржылдық өсімдіктердің гүлшоғырларын және басқа да жерүсті органдарын – бір қопада екі жылда бір реттен жиілетпей, көпжылдық өсімдіктердің жерүсті органдарын – төрт – алты жылда бір реттен жиілетпей және олардың жерасты органдарын он екі – жиырма жылда бір реттен жиілетпей дайындауға (жинауға) жол беріледі.

3. Өсімдік ресурстарын: жемістерді, жидектерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, сондай-ақ тамақ өнімдерін қайта өңдеу және өндіру үшін пайдаланылатын жекелеген өсімдіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын дайындау (жинау) өсімдіктер дүниесін азық-түліктік мұқтаждар үшін пайдалану түрлеріне жатқызылады.

4. Құрылыс және қаптама материалдарын, малмалар мен бояғыштарды, кәдеге жарату мақсатындағы бұйымдарды, кәдесыйларды өнеркәсіптік өңдеу, өндіру және өзге де мақсаттар үшін пайдаланылатын жабайы өсетін өсімдік ресурстарын дайындау (жинау) өсімдіктер дүниесін техникалық мұқтаждар үшін пайдалану түрлеріне жатқызылады.

5. Жабайы өсетін өсімдіктердің популяциялары мен қауымдастықтарына антропогендік жүктемені азайту, олардың деградациялануын болғызбау, сондай-ақ қайта өңдеу өндірістерінің қажеттіліктерін тұрақты түрде қамтамасыз ету мақсатында осындай өсімдіктерді плантациялық өсіру жүзеге асырылады.

6. Өсімдіктер дүниесін фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін пайдалану өсімдіктер дүниесін пайдалану қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

32-бап. Өсімдік ресурстарын пайдалану лимиттері

1. Өсімдік ресурстарын ұтымды пайдалану мақсатында оларды пайдалану лимиттері белгіленеді.

Өсімдік ресурстарын пайдалану лимиттері уәкілетті орган аккредиттеген мамандандырылған ұйымдар жүргізетін ресурстық зерттеп-қараулар негізінде айқындалады және оларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары ресурстық зерттеп-қарау материалдарында айқындалған мерзімге бекітеді.

2. Уәкілетті орган аккредиттеген мамандандырылған ұйымдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресурстық зерттеп-қарауды жүргізуге және анық мәліметтер ұсынуға жауапты болады.

3. Ресурстық зерттеп-қарау өсімдік ресурстарының қорларына ресурстық зерттеп-қарауды жүргізу және оларды пайдалану лимиттерін айқындау әдістемесіне сәйкес өсімдіктер дүниесін пайдаланушылардың өтінімдері бойынша өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

10-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАБАРЛАМАЛАР

33-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы хабарламалар

1. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы хабарламаға мыналар жатады:

1) фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау);

2) өсімдіктерді интродукциялау және (немесе) жерсіндіру;

3) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын Биологиялық әралуандық туралы конвенцияға Генетикалық ресурстарға қол жеткізуді және оларды қолданудан алынған пайданы әділетті және тепе-тең негізде бірлесіп пайдалануды реттеу жөніндегі Нагоя хаттамасы бойынша міндеттемелерге сәйкес өсімдіктердің генетикалық ресурстарын Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағына әкелу.

2. Осы Заң мен "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында хабарлама жіберілген жағдайда осы баптың 1-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асыруға жол беріледі.

3. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар хабарламаларды:

фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждар үшін жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау) кезінде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына;

мынадай:

өсімдіктерді интродукциялау және (немесе) жерсіндіру;

Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын Биологиялық әралуандық туралы конвенцияға Генетикалық ресурстарға қол жеткізуді және оларды қолданудан алынған пайданы әділетті және тепе-тең негізде бірлесіп пайдалануды реттеу жөніндегі Нагоя хаттамасы бойынша міндеттемелерге сәйкес өсімдіктердің генетикалық ресурстарын Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан

Республикасының аумағына әкелу кезінде уәкілетті орган ведомствосына және оның аумақтық бөлімшелеріне жібереді.

34-бап. Хабарлама жасау тәртібі

1. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы хабарламалар осы Заңның 33-бабының 1-тармағында көрсетілген қызметті жүзеге асырудың болжамды күніне дейін кемінде он жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Хабарламаға мыналар қоса беріледі:

фармацевтикалық, азық-түліктік және техникалық мұқтаждарға жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау) үшін:

1) жер учаскесі, жабайы өсетін өсімдіктерді дайындау (жинау) көлемі мен кезеңі туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер;

2) жер учаскесі меншік иесінің немесе жер пайдаланушының жабайы өсетін өсімдіктерді дайындауға (жинауға) келісімі немесе құқық белгілейтін құжат;

3) ресурстық зерттеп-қарау материалдары;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

4) тармақшаға өзгеріс енгізу көзделген – ҚР 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4) "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы ақы төлеу жағдайларын қоспағанда, өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін ақы төленгені туралы түбіртек;

өсімдіктерді интродукциялау және (немесе) жерсіндіру үшін:

1) мыналар:

отырғызылатын материалдың, тұқымдардың шығу тегі мен олардың саны;

өсімдіктерді отырғызу, егу орны, көлемі және мерзімдері (кезеңі) туралы ақпаратты қамтитын мәліметтер;

2) отырғызылатын материалға, тұқымдарға арналған карантиндік сертификат (мемлекетішілік тасымалдау кезінде);

3) өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор (импорттау кезінде) беретін карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау актісі;

4) тұқымға паспорт және (немесе) отырғызылатын материалға паспорт;

5) табиғат қорғау және ғылыми ұйымның өсімдіктерді интродукциялауға және (немесе) жерсіндіруге арналған ұсынымдары;

Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын Биологиялық әралуандық туралы конвенцияға Генетикалық ресурстарға қол жеткізуді және оларды қолданудан алынған пайданы әділетті және тепе-тең негізде бірлесіп пайдалануды реттеу жөніндегі

Нагоя хаттамасы бойынша міндеттемелерге сәйкес өсімдіктердің генетикалық ресурстарын Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін:

- 1) тиісті мемлекеттік орган берген өсімдіктердің генетикалық ресурстарына қол жеткізуге арналған негізделген қорытынды;
- 2) фитосанитариялық сертификат;
- 3) ұлттық үйлестіру орталығы берген өсімдіктердің генетикалық ресурстарына қол жеткізуге арналған ұлттық сертификат;
- 4) өсімдіктердің генетикалық ресурстарына қол жеткізу туралы шарт.

2. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында хабарлама қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар он жұмыс күні ішінде осы Заңның 33-бабының 1-тармағында көрсетілген, хабарлама жасау тәртібіне жататын қызметті жүзеге асыруға келісімді не уәжді бас тартуды ұсынуға міндетті.

Мемлекеттік орган уәжді бас тартуды ұсынған жағдайда қызмет бас тарту негіздері жойылған жағдайда ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

11-тарау. ЖАСЫЛ ЕКПЕЛЕР

35-бап. Жасыл екпелермен жұмыс істеу

1. Жергілікті атқарушы органдар ғылыми ұйымдардың ұсынымдары негізінде жасыл екпелер жасауды жүзеге асырады.

Жеке және заңды тұлғалар жергілікті атқарушы органдар айқындайтын учаскелерде өз қаражаты есебінен жасыл екпелер жасауға құқылы.

2. Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылар өз учаскелерінде жасыл екпелерді күтіп-баптауды және қорғауды қамтамасыз етеді.

3. Жергілікті атқарушы органдардың жасыл екпелер алып жатқан аумақтарда, оның ішінде саябақтарда, скверлерде, бульварларда, ұйымдардың санитариялық-қорғаныш аймақтарында және өзге де өнеркәсіптік объектілерде құрылыс салу немесе оларды реконструкциялау туралы шешімдер қабылдауы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және қоғамдық тыңдауларды міндетті түрде өткізу арқылы жүзеге асырылады.

4. Жасыл екпелерді қорғау мақсатында жергілікті атқарушы органдар:
 - түгендеу және фитопатологиялық зерттеп-қарау жүргізуге;
 - жасыл екпелерді есепке алуды және тізілімін жүргізуге;
 - құжаттаманы, оның ішінде елді мекен аумақтарын көгалдандыру жөніндегі жұмыс жоспарларын жүргізуге;
 - дендрологиялық жоспарды (көгалдандыру жоспарын) әзірлеуге және бекітуге;
 - жасыл екпелер жай-күйінің мониторингіне цифрландыру жүргізуге міндетті.

36-бап. Өтемдік отырғызулар

1. Жасыл екпелерді жойылған (кесілген) учаскеде не дендрологиялық жоспарда (көгалдандыру жоспарында) айқындалған учаскелерде отырғызу өтемдік отырғызулар болып табылады.

Өтемдік отырғызулар өз мүдделері үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүргізіледі.

Өз мүдделері үшін жасыл екпелерді жоюды (кесуді) жасаған не кінәсінен осы екпелердің бүлінуі немесе құрып кетуі орын алған жеке және (немесе) заңды тұлғалар өтемдік екпелерге:

ағаштар мен бұталарға: қылқан жапырақты тұқымдастарға – үш жыл бойы, жапырақты тұқымдастарға – екі жыл бойы;

шөптесін өсімдіктерге – бір жылдың вегетациялық маусымы ішінде күтім жасауды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Өтемдік отырғызулар мынадай мөлшерде:

1) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жергілікті атқарушы органның рұқсаты бойынша жасыл екпелер кесілген, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың меншігіндегі немесе пайдалануындағы ғимараттарға, құрылысжайларға іргелес аумақта олар қурап қалған кезде – он еселенген мөлшерде;

2) жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) кезде не олардың қурап қалуына алып келген бүлінуі кезінде – елу еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

Өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесіне енгізілген жасыл екпелер заңсыз жойылған (кесілген) не олардың қурап қалуына алып келген бүлінген жағдайда өтемдік отырғызулар бір жүз еселенген мөлшерде жүзеге асырылады.

3. Өтемдік отырғызу осы баптың 1-тармағының үшінші бөлігінде көрсетілген күтім жасау мерзімі өткенге дейін қурап қалған жағдайда, жеке және (немесе) заңды тұлғалар жасыл екпелерді қайта отырғызуды және оларға күтім жасауды жүзеге асыруға міндетті.

12-тарау. ЖЕРДІҢ ЖӘНЕ СУ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН УЧАСКЕЛЕРІНДЕ ӨСЕТІН ӨСІМДІКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

37-бап. Шекаралық аймақта өсетін өсімдіктермен жұмыс істеу ерекшеліктері

1. Шекаралық аймақта өсетін өсімдіктермен жұмыс істеу ерекшеліктерін Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісу бойынша уәкілетті орган белгілейді.

2. Шекаралық аймақта өсетін өсімдіктер дүниесін пайдалану, егер бұл осы аумақтардың нысаналы мақсатымен және белгіленген арнаулы режимімен үйлесім таппаса, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шектелуі, тоқтатыла тұруы немесе оған тыйым салынуы мүмкін.

38-бап. Радиоактивті және (немесе) химиялық ластануға ұшыраған жерлерде өсетін өсімдіктермен жұмыс істеу

Радиоактивті және (немесе) химиялық ластануға ұшыраған жерлерде өсетін өсімдіктермен жұмыс істеуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы жерлерді меншікке немесе жер пайдалануға беру туралы шешімі негізінде радиоактивті және (немесе) химиялық ластану салдарын жою жөніндегі барлық іс-шаралар мен кешенді экологиялық зерттеп-қарау аяқталғаннан кейін ғана осы жерлердегі өсімдіктер дүниесін пайдалануға рұқсат етіледі.

39-бап. Су өсімдіктерінің таралуын реттеу ерекшеліктері

Су, балық шаруашылығы, аквашаруашылық және электр энергетикасы мұқтаждары үшін пайдаланылатын су объектілерінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мелиорациялық жұмыстар мен артық су өсімдіктеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жол беріледі.

Балық шаруашылығы су айдындарында артық су өсімдіктерінің таралуын реттеу балық шаруашылығы мелиорациясын жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 39-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.06.2025 № 194-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

13-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

40-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы халықаралық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының халықаралық шарттар бойынша міндеттемелеріне негізделеді және:

- 1) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласында ақпарат алмасу;
- 2) өсімдіктер дүниесіне бірлескен зерттеулер мен мониторинг жүргізу;
- 3) халықаралық маңызы бар өсімдіктерді анықтау және сақтау;

4) өсімдіктердің генетикалық ресурстарына және өсімдіктердің генетикалық ресурстарына байланысты дәстүрлі білімге қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады.

41-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы халықаралық алмасу (халықаралық сауда)

1. Ғылыми және өзге де мақсаттар үшін өсімдіктерді, олардың бөліктері мен дериваттарын, генетикалық материалды Қазақстан Республикасына әкелу және (немесе) Қазақстан Республикасынан әкету арқылы халықаралық алмасу (халықаралық сауда) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктері мен дериваттарын Қазақстан Республикасына әкелу және (немесе) Қазақстан Республикасынан әкету арқылы халықаралық алмасу (халықаралық сауда) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Өсімдіктер дүниесі гендік қорының репродуктивтік материалымен халықаралық алмасу халықаралық шартқа не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес өтеулі және (немесе) өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

14-тарау. ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ РЕТТЕУДІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТЕТІГІ

42-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы реттеудің экономикалық тетігі

Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы реттеудің экономикалық тетігі мыналарды:

- 1) өсімдіктер дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен өсімдік ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы алуды;
- 2) өсімдіктер дүниесіне келтірілген зиянды өтеуді;
- 3) өсімдіктер дүниесінің шығындарын өтеуді қамтиды.

43-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы іс-шараларды қаржыландыру

Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы іс-шараларды қаржыландыру:

- 1) қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы;
- 2) инвесторлардың қаражаты;
- 3) өсімдіктер дүниесін пайдаланушылардың қаражаты;
- 4) гранттар;
- 5) жеке және заңды тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдықтары;

б) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

44-бап. Өсімдіктер дүниесіне келтірілген зиянды өтеу

1. Өсімдіктер дүниесіне келтірілген зиянды өтеу жабайы өсетін өсімдіктерді заңсыз алып қойғаны, дайындағаны (жинағаны), бүлдіргені немесе олардың қурап қалғаны үшін қылмыстық, әкімшілік немесе азаматтық-құқықтық жауаптылық тәртібімен жүзеге асырылады.

2. Өсімдіктер дүниесіне зиянды өтеу мөлшерін Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзудан келтірілген зиянның мөлшерін есептеуге арналған базалық мөлшерлемелерге сәйкес уәкілетті орган ведомствосының тиісті аумақтық бөлімшелері айқындайды.

45-бап. Өсімдіктер дүниесінің шығындарын өтеу

1. Жер қойнауын пайдалану, ғимараттар, құрылысжайлар, жолдар, құбыржолдар және мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын алған осындай объектілерге арналған жобалау құжаттамасына сәйкес өзге де объектілерді салу (реконструкциялау) мақсаттары үшін басқа санаттарға ауыстырылатын жерлердің барлық санаттағы жер учаскелерінде жабайы өсетін өсімдіктер жойылған (қайтарымсыз жоғалған), сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесі мәжбүрлеп иеліктен шығарылған жағдайларда өсімдіктер дүниесінің шығындары өтелуге жатады.

2. Өз мүдделері үшін жабайы өсетін өсімдіктерді жоятын жеке немесе заңды тұлғалар өсімдіктер дүниесінің шығындарын уәкілетті орган бекіткен өсімдіктер дүниесінің шығындарын өтеу нормативтеріне сәйкес өтейді.

3. Өсімдіктер дүниесінің шығындары жер учаскесіне құқық беру туралы шешім қабылданған кезден бастап алты ай мерзімде өтелуге жатады.

15-тарау. ЖАБАЙЫ ӨСЕТІН ӨСІМДІКТЕРДІ КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

46-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау

Уәкілетті орган және өзге де мемлекеттік органдар (бұдан әрі – бақылау органдары) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру арқылы жабайы өсетін өсімдіктерді күзету,

қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады.

47-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау субъектілері мен объектілері

1. Жеке және (немесе) заңды тұлғалар жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы бақылау субъектілері болып табылады.

2. Мыналар:

1) осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1), 2) және 5) тармақшаларында көзделген, өсімдік ресурстары дайындалғанға (жиналғанға) дейін және одан кейінгі реттеу объектілері және олардың ағымдағы жай-күйі;

2) өсімдіктер дүниесін дайындау құралдары, әдістері және (немесе) тәсілдері;

3) өсімдіктер дүниесін пайдалану құқығын растайтын мәліметтер жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

48-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы тексеру түрлері

1. Бару арқылы тексеру (бұдан әрі – тексеру) мерзімдік және жоспардан тыс болып бөлінеді.

2. Мерзімдік тексеру бақылау органы бекіткен тексерудің жартыжылдық графигіне сәйкес тексеруді тағайындау туралы акт негізінде жүргізіледі.

Тексеру жүргізудің жартыжылдық графиктеріне өзгерістер енгізу бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне жүргізілген талдау мен мониторинг негізінде жүзеге асырылады.

3. Жоспардан тыс тексеру:

1) сенімді негіздер мен растайтын дәлелдемелер болған кезде адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірілгені туралы нақты фактілер бойынша жеке және (немесе) заңды тұлғалардың жолданымдары болған;

2) адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға және жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтірудің не зиян келтіру қатерінің нақты фактілері бойынша прокурордың талабы болған;

3) ірі табиғи өрттер туындаған;

4) осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген реттеу объектілерін заңсыз дайындау (жинау) анықталған, оның ішінде патрульдеу барысында анықталған жағдайларда бақылау субъектісін алдын ала хабардар етпей жоспардан тыс тексеруді тағайындау туралы актінің негізінде жүргізіледі.

4. Жоспардан тыс тексеру иесі бұркемеленген жолданымдар болған жағдайларда жүргізілмейді.

Ескерту. 48-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

49-бап. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы тексеруді жүзеге асыру тәртібі

1. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы бақылау субъектілері (объектілері) тексеруге жатады.

2. Бақылау органының лауазымды адамы бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін тексеруді, сондай-ақ бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жабайы өсетін өсімдіктерді санкцияланбаған алып қоюды бақылауды жүзеге асырады.

Бақылау органының лауазымды адамы мерзімдік тексеру жүргізілгенге дейін бақылау субъектісін (заңды тұлғаның басшысын не оның уәкілетті адамын, жеке тұлғаны) тексеру басталғанға дейін кемінде күнтізбелік отыз күн бұрын басталу күнін көрсете отырып, қызметтің талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің басталатыны туралы жазбаша түрде хабардар етуге міндетті.

3. Тексеру үшін келген бақылау органының лауазымды адамы бақылау субъектісіне :

- 1) тексеруді тағайындау туралы актіні;
- 2) сәйкестендіру картасын;
- 3) қажет болған кезде құзыретті органның режимді объектілерге баруға арналған рұқсатын көрсетуге міндетті.

4. Тексеруді тағайындау туралы актіде:

- 1) актінің күні мен нөмірі;
- 2) бақылау органының атауы;
- 3) тексеру жүргізуге уәкілетті адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;
- 4) тексеруді жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер (олар болған кезде);

5) тексеру жүргізу тағайындалған бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілердің тізбесі, аумақтың учаскесі;

- 6) тағайындалған тексерудің түрі;
- 7) тексеру жүргізу мерзімі;

8) тексеру жүргізу негіздері, оның ішінде міндетті талаптары тексеруге жататын нормативтік құқықтық актілер;

9) тексерілетін кезең;

10) бақылау субъектісінің (объектісінің) құқықтары мен міндеттері;

11) актілерге қол қоюға уәкілеттік берілген адамның қолтаңбасы;

12) заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның тексеруді тағайындау туралы актіні алғаны немесе алудан бас тартқаны туралы қолтаңбасы көрсетіледі.

5. Бақылау субъектісіне не оның уәкілетті адамына тексеруді тағайындау туралы акт табыс етілген күн тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

Тексеруді тағайындау туралы акт тексеруді тағайындаған бақылау органының тексеруді тіркеу журналында тіркеледі.

6. Тексеруді жүргізу мерзімі алдағы жұмыстардың көлемі, қойылған міндеттер ескеріле отырып белгіленеді және бес жұмыс күнінен аспауға тиіс.

7. Тексеру жүргізу мерзімін бақылау органының басшысы не оны алмастыратын адам сараптамалар жүргізу қажет болған жағдайда ғана бір рет қана ұзарта алады.

Тексеруді ұзарту мерзімі сараптама нәтижелері алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен аспауға тиіс.

8. Тексеру жүргізу мерзімін ұзарту тексеруді ұзарту туралы актімен ресімделеді.

Тексеруді ұзарту туралы актіде тексеруді тағайындау туралы алдыңғы актінің тіркелген күні мен нөмірі және ұзартудың себебі көрсетіледі.

9. Бақылау субъектісінің не оның уәкілетті адамының тексеруді тағайындау туралы актіні қабылдаудан бас тартуы не тексеру жүргізу үшін қажетті материалдар мен мәліметтерді ұсынбауы бақылау органының лауазымды адамының бақылау объектілеріне қол жеткізуіне кедергі болып табылмайды.

10. Бақылау органының лауазымды адамдары жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша:

1) тексеру нәтижелері туралы акт;

2) бұзушылықтар анықталған жағдайларда анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама жасайды.

11. Тексеру нәтижелері туралы актіде:

1) актінің нөмірі, жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау органының атауы;

3) тексеру жүргізуге негіз болған тексеруді тағайындау туралы актінің күні мен нөмірі;

4) тексеру жүргізген лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

5) тексеруді жүргізу үшін тартылатын мамандар, консультанттар мен сарапшылар туралы мәліметтер;

6) тексеру жүргізу тағайындалған бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), оның орналасқан жері, сәйкестендіру нөмірі, объектілердің тізбесі, аумақтың учаскесі;

7) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;

8) тексеру нәтижелері туралы, оның ішінде анықталған бұзушылықтар, олардың сипаты туралы мәліметтер;

9) бақылау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның) тексеру нәтижелері туралы актімен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы, сондай-ақ жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша ескертулердің және (немесе) қарсылықтардың бар-жоғы туралы белгі;

10) тексеру жүргізген лауазымды адамның қолтаңбасы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда тексеру нәтижелері туралы актіде тиісті жазба жүргізіледі.

12. Бұзушылықтар анықталған жағдайда тексеру нәтижелері туралы актіге анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама қоса беріледі.

13. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада:

1) нұсқаманың жасалған күні, уақыты және орны;

2) бақылау органының атауы;

3) тексеру жүргізген лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы;

4) тексеру жүргізу тағайындалған бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы немесе жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), тексеруді жүргізу кезінде қатысқан жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы;

5) тексерудің жүргізілген күні, орны және кезеңі;

6) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес анықталған бұзушылықтардың тізбесі;

7) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсынымдар мен нұсқаулар және оларды жою мерзімдері;

8) бақылау субъектісі өкілінің (заңды тұлға басшысының не оның уәкілетті адамының, жеке тұлғаның), сондай-ақ тексеру кезінде қатысқан адамдардың нұсқамамен танысуы немесе танысудан бас тартуы туралы мәліметтер, олардың қолтаңбалары немесе қол қоюдан бас тартуы;

9) тексеру жүргізген лауазымды адамның қолтаңбасы көрсетіледі.

14. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманы орындау мерзімдері оны орындаудың нақты мүмкіндігіне ықпал ететін мән-жайлар ескеріле отырып айқындалады және анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап кемінде күнтізбелік он күнді құрайды.

Қосымша уақыт және (немесе) қаржылық шығындар қажет болған жағдайда бақылау субъектісі өзіне тексеру нәтижелері туралы акт пен анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама табыс етілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтінішпен тексеру жүргізген бақылау органына жүгінуге құқылы.

Өтініште бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қолданылатын шараларды және оларды жою мерзімдерін ұзартудың объективті себептерін баяндауға міндетті.

Тексеру жүргізген бақылау органы анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту туралы өтініште баяндалған дәлелдерді ескере отырып, өтінішті алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтарды жою мерзімдерін ұзарту немесе уәжді негіздемемен ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

15. Тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама екі данада жасалады.

Бақылау органы тексеру нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың бірінші данасын танысу және анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану және басқа да іс-қимылдар үшін бақылау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) қолын қойғызып қағаз жеткізгіште немесе электрондық нысанда табыс етеді, екінші данасы бақылау органында қалады.

Электрондық нысанда қалыптастырылған тексеру нәтижелері туралы акт, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау субъектісі көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жіберіледі.

16. Тексеру нәтижелері бойынша ескертулер және (немесе) қарсылықтар болған жағдайда заңды тұлғаның басшысы немесе жеке тұлға не олардың өкілдері ескертулерді және (немесе) қарсылықтарды жазбаша түрде баяндайды.

Ескертулер және (немесе) қарсылықтар тексеру нәтижелері туралы актіге қоса беріледі, бұл жөнінде тиісті белгі жасалады.

17. Бақылау субъектісіне тексеру нәтижелері туралы акт тексеруді тағайындау туралы актіде (болған кезде тексеруді ұзарту туралы актіде) көрсетілген тексерудің аяқталу мерзімінен кешіктірілмей табыс етілген күн тексеру мерзімінің аяқталуы деп есептеледі.

18. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтарды жою мерзімі өткен соң бақылау субъектісі осы нұсқамада белгіленген

мерзім ішінде тексеру жүргізген бақылау органына анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

19. Бақылау субъектісі тексеру нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде бермеген жағдайда тексеру жүргізген бақылау органы екі жұмыс күні ішінде бақылау субъектісіне нұсқаманың орындалуы туралы ақпаратты беру қажеттігі туралы сұрау салу жібереді.

20. Анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамада көрсетілген анықталған бұзушылықтар мерзімінен бұрын жойылған жағдайда бақылау субъектісі тексеру жүргізген бақылау органына анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы ақпарат беруге міндетті.

Бақылау субъектісі анықталған бұзушылықтардың жойылғаны туралы берілген ақпаратқа бұзушылықтың жойылу фактісін дәлелдейтін материалдарды (қажет болған кезде) қоса береді.

21. Бақылау органының лауазымды адамы Қазақстан Республикасының бекітіп берілген аумақтарында патрульдеуді жүзеге асыру кезінде жабайы өсетін өсімдіктерді санкцияланбаған алып қоюды анықтаған жағдайда, егер залалдың мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерін құраса не одан асып түссе, материалдарды дереу құқық қорғау органдарына береді немесе егер залалдың мөлшері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аз болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама толтырады.

Осы баптың 1 – 20-тармақтарының ережелері осы тармақта көзделген жағдайларға қолданылмайды.

22. Тексеру қорытындысына бақылау субъектісі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның тексерудің жарамсыздығына байланысты тексеру нәтижелері туралы актінің күшін жою, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың күшін жою туралы бақылау субъектісінің өтінішін қарауы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жоғары тұрған мемлекеттік органның тексеру нәтижелерін жарамсыз деп тануы олардың күшін жою үшін негіз болып табылады.

Жарамсыз деп танылған тексеру нәтижелері туралы акт пен тексеру қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқама бақылау субъектілерінің белгіленген талаптарды бұзуының дәлелдемесі болып табылмайды.

50-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың актілері

Мыналар:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама;
- 2) тексеру нәтижелері туралы акт;
- 3) мыналар:

Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын анықталған бұзушылықтарды жою туралы;

сотқа талап қою арызын үш күн мерзімде міндетті түрде ұсына отырып, жеке және заңды тұлғалардың шаруашылық қызметіне сот шешімінсіз үш күннен аспайтын мерзімге тыйым салу немесе тоқтата тұру туралы нұсқама (бұл ретте қызметке тыйым салу немесе оны тоқтата тұру туралы акт анықталған бұзушылықтар жойылғанға немесе сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады);

- 4) мыналар:

кінәлі адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту не қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жағдайында – Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасы бұзылған жағдайда материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы;

сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген заңсыз өндірілген реттеу объектілерін, сондай-ақ осы үшін пайдаланылған құрылғыларды, тетіктер мен көлік құралдарын алып қою туралы қаулы жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың актілері болып табылады.

51-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары

1. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың:

- 1) жабайы өсетін өсімдіктерді санкцияланбаған алып қоюды анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының бекітіп берілген аумақтарында патрульдеуді жүзеге асыруға;

- 2) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзушылықтар анықталған учаскелерде, сондай-ақ осы учаскелерге кіру және олардан шығу орындарында жеке тұлғаларды, көлік құралдарын тоқтатуға, оларды тексеріп-қарауды жүргізуге;

3) өсімдік ресурстарын дайындау (жинау) учаскелеріндегі және олардан шыққан кезде адамдардың өсімдіктер дүниесін пайдалану құқығына арналған құжаттарын қарап-тексеруге;

4) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу салдарынан келтірілген зиянның мөлшерлерін айқындауға, кінәлі адамдарға осы зиянды өз еркімен өтеу туралы талап қоюға не сотқа талаптар қоюға;

5) өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

6) Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамалар беруге;

7) мыналар:

кінәлі адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту не қылмыстық жазаланатын іс-әрекет жағдайында – Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасы бұзылған жағдайда материалдарды құқық қорғау органдарына беру туралы;

сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін осы Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген заңсыз өндірілген реттеу объектілерін, сондай-ақ осы үшін пайдаланылған құрылғыларды, тетіктер мен көлік құралдарын алып қою туралы қаулылар шығаруға құқығы бар.

Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 154-бабының 1-тармағында көзделген өзге құқықтар да қолданылады.

2. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі.

52-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды құқықтық және әлеуметтік қорғау

Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға жатады.

53-бап. Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау

Жабайы өсетін өсімдіктерді күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

16-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨСІМДІКТЕР ДҮНИЕСІН КҮЗЕТУ, ҚОРҒАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАНЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПТЫЛЫҚ

54-бап. Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы дауларды шешу

Өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану, өсімдіктер дүниесін пайдалануға беру саласындағы даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен реттеледі.

55-бап. Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

17-тарау. ҚОРЫТЫНДЫ ЖӘНЕ ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

56-бап. Өтпелі ережелер

Пайдаланушылардың осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін өсімдіктер дүниесін пайдалануға алған рұқсаттары оларға берілген мерзім бойы қолданыста болады.

57-бап. Осы Заңды қолдану тәртібі

Осы Заң қолданысқа енгізілгенінен кейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін қабылданған өсімдіктер дүниесін күзету, қорғау, қалпына келтіру және пайдалану саласындағы қатынастарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде қолданылады.

58-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) тиісті өзгерістер мен толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен кейін қолданысқа енгізілетін 3-баптың 3-тармағының 4) тармақшасын, 7-баптың 2-тармағы екінші бөлігінің 2) тармақшасын, 10-баптың 3) тармақшасын, 11-баптың 4) тармақшасын, 27-баптың 2-тармағының екінші

бөлігін, 34-баптың 1-тармағы екінші бөлігінің 4) тармақшасын, 42-баптың 1) тармақшасын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК